

## **"БАЛЫҚ" МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ МЕН БАЙҚАУШЫ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ**

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
1994 жылғы 19 мамыр N 539. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің 1995.02.14. N 157 қаулысымен.

"Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрылуына

байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы  
етеді:

1. Т.Б. Сәрсекемов "Балық" мемлекеттік акционерлік  
компаниясының президенті болып тағайымдалсын, ол Қазақстан  
Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық  
шаруашылығы жөніндегі комитеттің төрағасы - Ауыл шаруашылығы  
министрінің орынбасары қызметінен босатылсын.

2. Акциялардың мемлекеттік пакетінің иесі атынан Байқаушы  
кеңестің мынадай құрамы бекітілсін:

Шишацкий В.В. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрінің орынбасары, төраға

Оспанов Е.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік  
жөніндегі мемлекеттік комитеті АӨК кәсіпорындары  
жекешелендіру басқармасының бас маманы

Жамтемірова Р.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
АӨК және табиғат қорғау шараларын қаржыландыру  
басқармасы жиынтық бөлімі бастығының орынбасары

Куркин А.М. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Алматы  
облыстық басқармасы бастығының орынбасары

Сәрсекенов Т.Б. - "Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясының  
президенті

3. "Балық" компаниясы Байқаушы кеңесінің Төрағасына компания  
Президентімен контракт жасасу тапсырылсын.

4. "Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясы Қазақстан  
Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы  
N 1251 қаулысымен бекітілген Ұлттық акционерлік, мемлекеттік

холдинг және акционерлік компаниялар президенттерінің еңбегіне ақы төлеу, оларды әлеуметтік және материалдық қамтамасыздандыру туралы ережеге сәйкес бірінші санатқа жатқызылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі